

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 480 қаулысы

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2004.12.06. N 1277 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлімі) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлімі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 24-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат) мынадай т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

819-баптың 2-тармағындағы екінші сөйлем ", ең төменгі мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сомаларын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті